

"Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы" Талас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы № 216 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Талас ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 08 желтоқсандағы N 58 Қаулысы. Жамбыл облысы Талас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 наурызда 95 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 26 қаңтардағы № 59 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық әкімдігінің 26.02.2019 № 59 қаулысымен, Орыс тіліндегі мәтіні жоқ болып табылады мемлекеттік тілінде мәтінге қараныз (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы Заңының 7, 18-1 баптарына және нысаналы топтарға жататын жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі туралы" Талас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы № 216 Қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-10-81 болып тіркелген, 2009 жылдың 24 маусымында "Талас тынысы" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

Аталған қаулының 1 тармақтағы "2009 жылға арналған" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан Әкімінің орынбасары **Ғ.Т. Қартабаевқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан Әкімі

О. Жиенқұлов